




Жерге
орналастыру
ҒЫЛЫМЫНЫҢ
дамуы

Жерге орналастыру дегеніміз – жер қатынасын реттеуге, жерді өндірістің маңызды құралы, табиға ресурс және операциялық базис ретінде, сондай-ақ жылжымайтын мүлік ретінде толық және ұтымды пайдалану мен қорғауды ұйымдастыруға, жер заңдылығын жүзеге асыруға және оның сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған шаралар жүйесі.



Жерге орналастыру ғылымы өзінің қазіргі құрылымында ХХ ғасырдың алғашқы жылдары дами бастады. Жерге орналастыру ғылымының негіздері әр уақыттың талабына сай зерттеліп келді және сол кездердегі қоғамның түбегейлі мәселелерін қозғаушы құжаттарға негізделді. Соңғыларына “Жер туралы Декретті”, “жерді социализациялау туралы заңды”, “социалистік жерге орналастыру, және социалисті егіншілікке көшу шаралары туралы ережелер”-ді жатқызуға болады.



Социолистік ж.о. туралы Ереже мен оны қолдану нұсқаулары сол кедегі ж.о-ды жүзеге асыру жөніндегі маңызды құрал болып пайдаланды. 1917 жылдың басында заңгер Б.С.Мартынов бірреттік жерге орналастыру теориясын ұсынған болатын. Ол былай деп жазды: ж.о. жүзеге асырылғаннан кейін өз мазмұнын тәмамдап, қолданылуын аяқтауға тиісті, ол қайталанбайтын іс-қимыл. Жаңа жер құрылысы қалыптасу кезеңінде (1917-1921ж.) бұл теория бұрынғы жер иелену формаларын жақтай отырып, өз теріс ықпалын жасады. Бірреттік ж.о-ды жақтаушылар колхоздардың жер пайдаланушылықтары тұрақтанғаннан кейін ж.о-ды бірақ рет және біржолата өткізуді талап етті. Өндіргіш күштері мен өндірістік қатынастарының дамуы туралы ілімнің тұрғысынан бұл теория мүлде дәлелсіз. Оны жер құрылысының әрі қарай даму барысы да көрсете жатты.



1920 - 1927 ж Ж.О. ғылымдарының дамуы айтарлықтай белсенділігімен сипатталады. Бұл кезде ж.о. ғылыми негізінен жер пайдалану формалары мен тәртіптерінің кемшіліктерін және артықшылықтарын, шаруашылықтарға берілетін жер үлестерінің қолайлы көлемдерін зерттеумен айналысты. Осы мәселелер жөнінде баспасөзде өткір пікірталастар жүріп жатты. Ауыл шаруашылығының социалистік жолмен дамуына, жерді ұлттандыру саясатына қарсы шыққандар да болды. Олар жер падаланудың хуторлық және отрубтік формаларын насихаттай отырып, соңғыларының жеке меншік шаруа қожалықтарының дамуына ең қолайлы екенін дәлелдеуге тырысты.



1919-1922 ж А.В.Чаянов жер жөніндегі халық комиссариятының тапсырмасы бойынша ж.о-дың аса маңызды теориялық мәселелерін зерттеп әзірледі. Ж.о-дың аса күрделі мәселелері ауылшаруашылық экономикасы жөніндегі Мәскеу ауылшаруашылық институтындағы семинарияда талқыланып отырады. Архивте Чаянов пен оның әріптестерінің “Ж.орн-ру жұмыстарының сандық нәтижелерін анықтау әдістері” және “Ауылшаруашылық кәсіпорындарының қолайлы аудандары” атты еңбектерін жедел жарыққа шығару қажеттілігі туралы жазылған халық комиссариятының хаты сақталып қалған екен. Соңынан бұл еңбектер бірнеше рет жарыққа шығарылды. Ауылшаруашылық кәсіпорындарының территориясын реттестіру барысында айтарлықтай назар ішкішаруашылық және шаруашылық аралық транспорттық байланыстарға бөлініп отырды.



Шаруа қожалықтарының территориясын орналастыруға қатысты мәселелермен ж.о. және қоныс аудару жөніндегі Мемлекеттік ғылыми-зерттеу институты (Госземколонит) айналысты. Сол кезде ж.о. ұғымы мен мазмұны жөнінде өткір пікірталас жүріп жатты. Негізінен бұны әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастыру құқықтық деген екі бағытарасындағы күрес деп ұқса болады. О.А.Хауке ж. о-дың шаруашылық маңызы мен таптық сипатын жоққа шығарып, оны құқықтудыратын немесе құқық өзгертетінакт деп қана түсінді. Қарсылас бағыттағылар ж.о-ды қоғамдық-экономикалық, әр тарихи кезеңде мазмұны өзгеріп отыратын, таптық құбылыс деп түсінді.

Жерге орналастыру ғылымында математикалық, эклектикалық сипаттағы бағыттар болды. Математикалық бағыттағылар сан алуан жерге орналастыру қимылдарын қарапайым жер бөлу іс-әрекеттерімен теңесірді, ал эклектикалық бағыттың жақтаушылары жерге орналастырудың құқықтық нормалары мен процессуалдық ерекшеліктерін бейнелеумен ғана шектеліп отырды.

Жерге орналастырудың жаңа әдістерін И.Д.Шулейкин насихаттады. Ол жерге орналастырудың 3 формасын ұсынды:

- 1. Қарапайым ж.о., басқаша айтқанда жер көрсету, яғни ұжымдық шаруашылықтарды қалыптастыруға қатысты алғашқы іс-қимылдарды қамтыды;**
- 2. Тереңдетілген ж.о., яғни, механикаландырылған индустриалдық өндірістердің территориялық негізін жасауға қолданылды.**
- 3. Өтпелі ж.о., оның қарапайым формасы, тереңдетілген түрін қолдануға әлі ертерек шаруашылықтарда жүзеге асырылып отырды.**



1940 ж Н.В.Бочкин мен С.А.Удачиннің редакциясымен жерге орналастырулық жобалауы бойынша алғашқы оқулық құрал жарық көрді.

1950-1954 ж. Ұсақ колхоздарды ірілендіру жөніндегі кең өріс алған жұмыстар, ж.о-дың алдына бір қатар, ірілендірілген міндеттер қойды.

1960-1980 жылдары назар аударалық және жерге орналастыруды әрі қарай жетілдіру ісінде аса маңызды роль атқарған бірқатар монография, тақырыптық жинақтар жатырқ көрді. Бұл еңбектерде нақты жерге орналастыру мәселелрі мен межелес инженерлік – экономикалық және техникалықкешендердің арасындағы өзара байланыстар заңдылықтары айқындалды. Ж.о. саласында жүргізілген ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың нәтижелері 1986 М.А.Гендальман редакциясымен дайындалған «жерге орналастырулық жобалау» оқулығында пайдаланды.

Қазіргі Тәуелсіз мемлекеттер достастығы жерге орналастыру мектебі 200-ден астам доктор мен кандидаттарды қамтиды. Олар ЖОО-ның кафедралары мен ғылыми-зерттеу мекемелерінде еңбек етіп келеді.



Қазіргі кезде жерге орналастыру ғылымының дамуы жер реформасын жүзеге асырумен, жер ресурстарын ұтымды пайдалану мәселесімен тығыз байланысты. Қазіргі жерге орналастыру ғылымдарының ғылыми зерттеулері жерге орналастыру теориясын әрі қарай дамытуға, оның әдістемелік амалдарын жетілдіруге, нарықтық жағдайларды, жаңа жер құрылымын нығайтуға бағытталған.

